

**Қалыптастырушы бағалауға арналған
тапсырмалар жинағы**

Қазақстан тарихы

5-сынып

Құрметті мұғалім!

Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылды. Бұл мұғалімдердің ұжымдық жұмысының нәтижесі. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады.

Жинақтың ұсынылған сипаты сізге білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуіңізге, бейімдеуіңізге мүмкіндік береді.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Жинақ негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Жинақты дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

Мазмұны


1-тоқсан	4
Бөлім: Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	4
2-тоқсан	18
Бөлім: Ежелгі көшпелілер өмірі.....	18
Бөлім: Сақтар	25
3-тоқсан	30
Бөлім: Сақтар	30
Бөлім: Үйсіндер мен қаңлылар	39
4-тоқсан	47
Бөлім: Ғұндар.....	47
Бөлім: Сарматтар	53
Бөлім: Ежелгі Қазақстан тарихына шолу.....	58

1-тоқсан

Бөлім: Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі

Тақырып	Алғашқы адамдардың өмірі
Оқу мақсаты	5.1.1.1 Алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Алғашқы адамдардың даму эволюциясын түсіндіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Суретті қолданып, алғашқы адамдардың даму эволюциясы мен антропологиялық ерекшеліктерін сипаттаңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - адамның эволюциялық даму сатысын ретімен атайды; - ежелгі адамдардың антропологиялық ерекшеліктерін сипаттайды.
------------	--

Тақырып	Алғашқы адамдардың өмірі
Оқу мақсаты	5.1.2.1 Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	Топтық жұмыста алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін тірек сөздерді қолдана отырып, шығармашылық түрде таныстырыңыз. Тірек сөздері: адамдар тобыры, тас дәуірі, шапқы, үңгір, терімшілік, аңшылық. 1-топ. Әңгіме құрастыру; 2-топ. Көрініс көрсету; 3-топ. Сурет салу; 4-топ. Макет жасау.
Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - тірек сөздерді қолданып, алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігі жайлы әңгіме құрастырады; - алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін көрініс арқылы бейнелейді; - алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігі жайлы сурет салады; - алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігіне макет жасайды.

Тақырып	Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары
Оқу мақсаты	5.2.3.1 Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қазақстандық археолог ғалымдардың еңбектерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма


Төмендеге Қазақстандық археолог - ғалымдарды еңбектермен сәйкестендіріңіз.

1	Алпысбаев Хасан Алпысбайұлы	А	Бұл ғалымның негізгі ғылыми еңбектері Қазақстан мен оған іргелес аймақтардағы палеолит дәуірін зерттеуге арналған. Ғалым әлемге әйгілі болған Қазақстан аумағындағы ежелгі ескерткіштерді (Қызылтау, Саяқ, Шоқтас, Қошқорған, Ембі, Өзен, т.б.) ашқан зерттеушілердің бірі.
2	Медоев Алан Георгиевич	В	Қаратау өңірінен 200-ден аса тас дәуірі тұрақтарын тапқан және зерттеген. Оңтүстік Қазақстан өңірі ежелгі адамдар мәдениетін сипаттайтын ірі ошақтардың бірі болғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Оңтүстік Қазақстандағы Қаратауда ашылған ежелгі палеолиттік тұрақтарды зерттеген археолог-ғалым.
3	Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы	С	Батыс Қазақстан мен Балқаштың солтүстік жағалауындағы палеолиттік ескерткіштерді зерттеген топтың жетекшісі. 1996 жылы Шыңғыс жотасындағы тұрақтарды ашқан археолог.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Алпысбаевтың еңбегін анықтайды; - Медоевтың еңбегін анықтайды; - Таймағамбетовтың еңбегін анықтайды.
-------------------	--

Тақырып	Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары
Оқу мақсаты	5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Тас дәуіріндегі Қазақстан территориясында табылған археологиялық ескерткіштерді анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Венн диаграммасына Батпақ және Шебір тұрақтарының 3 ұқсастығымен мен 3 айырмашылығын табыңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - тұрақтардың 3 ұқсастығын анықтайды; - тұрақтардың 3 айырмашылығын анықтайды.
-------------------	--

Тақырып	Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары
Оқу мақсаты	5.4.2.1 Еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Тас дәуірінің еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Кестедегі еңбек құралдарды сипаттап, берілген суреттерді ұғымдармен сәйкестендіріңіз.

1	Үшкір тас	
2	Шапқы	
3	Қырғыш	



1	2	3

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - еңбек құралдарын сипаттайды; - суреттер бойынша еңбек құралдарын кестедегі ұғымдармен сәйкестендіреді.
-------------------	---

Тақырып Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі

Оқу мақсаты 5.4.1.1 Ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау


Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Тас дәуіріндегі кәсіп түрлерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Суреттердегі ежелгі адамдардың кәсіптерін анықтап, суретке тақырып қойып, сипаттама беріңіз.



Дескриптор *Білім алушы*

- ежелгі адамдардың алғашқы кәсіп түрлерін атайды;
- берілген суреттерге тақырып қояды;
- суреттер бойынша ежелгі адамдардың айналысқан кәсіп түрлерін сипаттайды.

Тақырып	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі
Оқу мақсаты	5.4.2.1 Еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Мезолит пен неолит дәуірлерінде пайда болған еңбек құралдарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Кестеде берілген еңбек құралдарының не үшін қолданылғандығын жазыңыз.

Еңбек құралдары	Қолданылуы
микролит	
садақ пен жебе	
дәнүккіштер	
келі, келсаптар	

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - микролиттің қолданылуы нысанын көрсетеді ; - садақ пен жебенің қолданылуы нысанын көрсетеді; - дәнүккіштің қолданылуы нысанын көрсетеді; - келі мен келсаптың қолданылуы нысанын көрсетеді.
-------------------	---

Тақырып	Ботай мәдениеті
Оқу мақсаты	5.4.1.1 Ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қазақстан территориясындағы энеолит дәуірінің шаруашылығын анықтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Мәтіннен ботайлықтарда мал шаруашылығы дамығанын көрсететін дәйектерді табыңыз. Ботайлықтарда мал шаруашылығының дамуын сипаттаңыз.

Энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті "Ботай мәдениеті" деп аталады. Бұл атау сол маңдағы Ботай қоныстарына байланысты қойылған. Ботай ескерткішіне 1981-1983 жылдар аралығында профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен қазба жұмыстарын жүргізілді. Ауданы 15 гектар жерді алып жатқан қоныстан 158 үйдің орны қазылып аршылған. Өзен жағасында ежелгі адамдар тас, ағаш, аңдардың сүйегі мен терісін өңдеп, киім тіккен, қыш ыдыстар дайындаған.

Тастан жасалған жебе, садақ, қанжар, пышақ, найза ұштарының көптеп табылуы ботайлықтардың аңшылықпен айналысқандығын көрсетеді. Жылқының сүйегінен ағашты өңдейтін қашау, құс сүйегінен киім тігуге арналған инелер, жуалдыз, тескіштер, тұмар мен әшекей бұйымдарының кездесуіне қарағанда қолөнер де дамыған. Ғалымдарды табылған жылқы сүйектерінің көптігі таң қалдырды. Жұмысқа жануарлардың сүйегін зерттейтін остеолог-ғалымдар шақырылды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны, Ботай жылқылары бұрыннан белгілі жылқылар түріне жатпайтын болып шықты. Ғалымдар бірауыздан Ботай жылқылары қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлер айтылып келген еді. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Ғалымдар Ботай қонысы Еуразия даласындағы мал шаруашылығы орталығы болған деген пікірге келді.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - мәтіннен ботайлықтарда мал шаруашылығы дамығанын көрсететін дәйектерді атайды; - мал шаруашылығының дамуына сипаттама береді; - Еуразия даласында алғашқы жылқыны ботайлықтар қолға үйреткенін атайды.
-------------------	---

Тақырып Қазақстан территориясында металлургияның пайда болуы

Оқу мақсаты 5.4.2.2 Металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Металл өндірісінің шаруашылық түрлерінің дамуына тигізген әсері сипаттау

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Мына суреттер бойынша металл өндірісінің пайда болуы мен дамуы жайлы әңгіме құрастырыңыз.



Дескриптор *Білім алушы*

- суреттер бойынша металл өндірісінің пайда болуы мен дамуын атайды;
- металл өңдеудің егіншілік шаруашылығының дамуына тигізген әсерін атайды;
- металл өңдеудің мал шаруашылығының дамуына тигізген әсерін атайды.

Тақырып	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері
Оқу мақсаты	5.2.2.5 Ә.Марғұланнның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Ә. Марғұланнның археология ғылымына саласында ашқан жаңалықтарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма	

Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Әлкей Хақанұлы Қазақстан жеріндегі көне сауда жолдары мен көш соқпақтарын бойлай өтіп, кең байтақ шөл далалардан, құлазыған құмдардан ондаған жаңа археологиялық ескерткіштер тауып, оларды ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне танытты. Ә. Х. Марғұлан Оңтүстік Қазақстанда Сырдария, Талас және Шу өзендерінің бойынан ежелгі қала мәдениетінің іздерін ашып зерттеді. Ежелгі Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларынан қазақтың материалдық және рухани мәдениетіне жататын жәдігерлерді тапты.

30 жылдан астам Ә. Х. Марғұланнның басшылығымен Орталық Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Қола дәуіріндегі көшпелі тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Орталық Қазақстанда Әлкей Хақанұлы Беғазы-Дәндібай мәдениетін ашты. Беғазы-Дәндібай жерінде сақталған тас кесенелерден әшекей бұйымдар, қыш ыдыстар табылды. Кесенелерде жерленген адамдардың әлеуметтік теңсіздіктің болғандығы анықталды.

Ә. Марғұлан қай аймақтарды зерртеді?

Ол қандай археология ғылымында қандай жаңалықтар ашты?

Дескриптор *Білім алушы*

- Ә. Марғұланнның археологиялық жүргізген зерттеулері атайды;
- Ә. Марғұланнның Беғазы-Дәндібай мәдениетінің жаңалықтарын ашқандығын анықтайды

Тақырып	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері
Оқу мақсаты	5.2.2.2 Археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қола дәуірі тайпаларының рухани және материалдық мәдениеттерін жіктейді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Кестеге берілген қола дәуірі археологиялық ескерткіштерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын толтырыңыз.

Ескерткіштер	Андронов мәдениетінің ескерткіштері	Беғазы-Дәндібай ескерткіші
Айырмашылығы		
Ұқсастығы		

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Андронов мәдениеті мен Беғазы-Дәндібай мәдениетінің айырмашылықтарын көрсетеді; - Андронов мәдениеті мен Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ұқсастықтарын анықтайды.
-------------------	--

Тақырып	Қазақстанның жартастарға салынған ежелгі суреттері
Оқу мақсаты	5.2.1.1 Алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі адамдардың дүниетанымын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	
Төменде берілген наным-сенімдердің анықтамасын сипаттаңыз.	
1.Тотемизм –	
2. Анимизм –	
3. Фетишизм –	
4. Магия -	
Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - тотемизм ұғымының анықтамасын жазады; - анимизм ұғымының анықтамасын жазады; - фетишизм ұғымының анықтамасын жазады; - магия ұғымының анықтамасын жазады.

Тақырып Қазақстанның жартастарға салынған ежелгі суреттері

Оқу мақсаты 5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Тамғалы және Қаратау петроглифтерінің ерекшеліктерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген кестеде Тамғалы және Қаратау петроглифтерін салыстырыңыз.

Петроглифтер	Тамғалы петроглифі	Қаратау петроглифі
Орналасқан жері		
Петроглифтердегі бейнелер		
Ең көп кездесетін суреттердің сипаттамасы		

Дескриптор *Білім алушы*

- Тамғалы және Қаратау петроглифтерінің орналасқан жерін атайды;
- Тамғалы және Қаратау петроглифтерінде бейнеленген суреттерді атайды;
- Тамғалы және Қаратау петроглифтерінде бейнеленген суреттерді сипаттайды;
- Тамғалы және Қаратау петроглифтердегі бейнелердің мәнін түсіндіреді.

Тақырып	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат
Оқу мақсаты	5.1.2.1 Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қола дәуірі тайпаларының тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	Топтық жұмыста алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде таныстырыңыз. 1-топ. «Қола дәуіріндегі тайпалардың өміріне саяхат» тақырыбында әңгіме құрастыру. 2-топ. «Қола дәуіріндегі адамдардың өмірі» тақырыбында көрініс көрсету. 3-топ. Беғазы-Дәндібай ескерткіштері тақырыбында сурет салу. 4-топ Ботай қонысының макетін жасау
Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - «Қола дәуіріндегі тайпалардың өміріне саяхат» тақырыбында әңгіме құрастырады; - «Қола дәуіріндегі адамдардың өмірі» тақырыбында көрініс жасайды; - Беғазы-Дәндібай ескерткіштері тақырыбында сурет салады; - Ботай қонысының макетін жасайды.

2-тоқсан

Бөлім : Ежелгі көшпелілер өмірі

Тақырып	Қазақстан территориясында темірдің игерілуі
Оқу мақсаты	5.4.2.2 Металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Темір өндірісінің шаруашылықтың дамуына тигізген ықпалын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Мал шаруашылығына, егіншілікке, қолөнерге темір өндірісінің тигізген ықпалын түсіндіріңіз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - темір өндірісінің дамуының мал шаруашылығына тигізген ықпалын түсіндіреді; - темір өндірісінің дамуының егіншілікке тигізген ықпалын түсіндіреді; - темір өндірісінің дамуының қолөнерге тигізген ықпалын түсіндіреді.
------------	---

Тақырып

Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы

Оқу мақсаты

5.4.1.2 Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Ежелгі шаруашылық түрлерінің қалыптасуын себептерін анықтайды
- Қазақстан территориясында таралған шаруашылық түрлерін көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейіБілу және түсіну
Қолдану**Тапсырма**

1. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасу себептерін көрсетіңіз.



2. Кескін картада темір дәуірінде мал шаруашылығы мен егіншілік дамыған аймақтарды түрлі түстермен белгілеңіз. Шартты белгілерді жасаңыз.



3. Егіншіліктің қалыптасу себептерін көрсетіңіз.



- кескін картада Қазақстан территориясында темір дәуірінде егіншілік шаруашылығы кеңінен таралған аймақты белгілейді;
- кескін картада Қазақстан территориясында темір дәуірінде мал шаруашылығы кеңінен таралған аймақты белгілейді;
- Қазақстан территориясында темір дәуірінде егіншілік шаруашылығының қалыптасу себептерін атайды;
- Қазақстан территориясында темір дәуірінде мал шаруашылығының қалыптасу себептерін атайды.

Тақырып	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы
Оқу мақсаты	5.2.2.6 Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Көшпелілер өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан жаңалықтарын түсіндіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма	

Мәтіндегі бос орындарға қажетті сөздерді қойып, көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан жаңалықтарын түсіндіріңіз.

Қажетті сөздер: қола дәуірінің соңы, үзеңгі ,меридиан, жылқы.

1. ... қолға үйрету адамзат өркениетіндегі ең үздік жетістіктерінің бірі. Металл ауыздықтың шығуы жылқыны көлік ретінде қолдануға мүмкіндік берді. Атқа мінген бақташы ендігі жерде малды ұзатып жаюға мүмкіндік алды. Көшпелілер ат әбзелдерін үнемі жетілдіріп отырды. Олар 2. ..., ауыздықты, ерді ойлап тапты. Көшпелілердің қыштан, шыныдан, металдан жасалған көлемді заттары анағұрлым жұмсақ әрі жеңіл материалдармен: былғары, киіз, ағашпен алмастырылды.

Көшпелі мал шаруашылығы көшпелілердің басты жаңалықтарының бірі. Археолог К. Ақышевтің пікірі бойынша, Қазақстан жерінде көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастауы 3. ..., темір дәуірінің басына дәл келеді.

Осы кезден бастап, Орталық, Батыс Қазақстан жерінде 4. ... бойымен көшу, ал Шығыс Қазақстан мен Жетісуда қыста жазықтар мен қар аз түсетін таулардың қойнауын қыстап, жазда биік таулы жайлауларға көшу қалыптасқан. Оңтүстік Қазақстан аймағында ерте заманнан-ақ көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы шаруашылық пен тұрмыс орын алған.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - жылқыны қолға үйрету жетістігін анықтайды; - көшпелілердің ат-әбзелдерін ойлап тапқандығын көрсетеді ; - көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастаған уақытын көрсетеді; - көшпелілердің көшу бағытын көрсетеді.
-------------------	---

Тақырып	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті
Оқу мақсаты	5.2.2.3 Ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Көшпелілердің қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген көшпелілердің қолданбалы өнер туындыларын атап, сипаттама беріңіз. Көшпелілердің қолданбалы өнерінің ерекшелігін түсіндіріңіз.

<i>Қолданбалы өнер туындылары</i>	<i>Атауы</i>	<i>Сипаттамасы</i>	<i>Көшпелі тұрмысқа бейімділігі</i>
			
			
			

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - қолданбалы өнер туындыларының атауларын жазады; - көшпелілер бұйымдарының қолданылу мақсатын сипаттайды; - қолөнер бұйымдарының көшпелі тұрмысқа бейімділігін түсіндіреді.
-------------------	---

Тақырып	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті
Оқу мақсаты	5.2.2.6 Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> Көшпелілер баспанасының ерекшелігін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма	

Киіз үйдің үш ерекшеліктерін жазыңыз.

	1. 2. 3.
--	--

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - киіз үйдің тез жығып, тез құрастыруға икемді екендігін көрсетеді; - киіз үйдің көшіп-қонуда ыңғайлылығын көрсетеді; - киіз үйдің қыста-жылы, жазда-салқын болатындығын көрсетеді.
-------------------	--

Тақырып	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы
Оқу мақсаты	5.2.1.2 Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> Ежелгі тайпалардың дүниетанымына байланысты ұғымдарды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Көшпелілердің дүниетанымында қалыптасқан төмендегі ұғымдардың анықтамасын жазыңыз.

Ойсыл қара -

Шопан ата –

Зеңгі баба –

Қамбар ата -

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ойсыл қара төрт түліктің пірлерін атайды; - Шопан ата төрт түліктің пірлерін атайды; - Зеңгі баба төрт түліктің пірлерін атайды; - Қамбар ата төрт түліктің пірлерін атайды.
-------------------	--

Бөлім: Сақтар

Тақырып	Сақтар туралы тарихи мәліметтер
Оқу мақсаты	5.3.1.1 Картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпалық одақтарының географиялық орналасуын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Кескін картаға сақ-массагеттер, сақ-исседондар, сақ-аргиппейлер және сақ-аримаспы тайпаларының Қазақстан территориясында географиялық орналасуын белгілеңіз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - кескін картада сақ-массагеттердің орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-исседондардың орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-аргиппейлердің орналасуын белгілейді; - кескін картада сақ-аримаспылардың орналасуын белгілейді.
------------	---

Тақырып

Сақтар туралы тарихи мәліметтер

Оқу мақсаты

5.3.1.2 Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру

Бағалау критерийлері*Білім алушы*

- Сақтар туралы жазған авторлардың пікірлерін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген авторларды олардың пікірлерімен сәйкестендіріңіз.

1	Дарий патша	A	<i>"Шырақ есімді бір сақ өзінің денесін қанжармен жаралап, парсыларға қашып барып, өзінің көсемінен жәбір көрген етіп көрсетеді. Парсы әскерлерін сақтарға бастап апарамын деп алдап, оларды сусыз шөлде адастырып кетеді. Сосын Шырақтың алдағанын білген парсы әскерлері оны өлтіреді. Осының зардабынан Дарий I қырғынға ұшырап, ары қараң соғысқа шыдай алмай, Персияға қайтып кетеді"</i>
2	Геродот	B	<i>Томирис "әйел болса да, жаудың шапқыншылығынан қорыққан жоқ"</i>
3	Помпей Трог	C	<i>«Бұл — амюргийлік сақтар деп аталған тайпа (ол шын мәнінде, скифтік тайпа). Өйткені парсылар скифтердің бәрін сақтар деп атайды».</i>
4	Полиэн	D	<i>«...содан кейін мен әскеріммен Сақтарға аттандым. Шошақ бөрік киетін сақтар шайқасқа шықты. Мен теңізге жеттім де, бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Сөйтіп мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым да, екінші бөлігін тұтқынға алдым... Скунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз дегеніммен екінші біреуін (олардың) көсемі қылып тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады».</i>

1-	2-	3-	4-
----	----	----	----

Дескриптор*Білім алушы*

- Дарийдің сақтар туралы жазған пікірімен сәйкестендіреді;
- Геродоттың сақтар туралы жазған пікірімен сәйкестендіреді;
- Помпей Трогтың сақтар туралы жазған пікірімен сәйкестендіреді;
- Полиэннің сақтар туралы жазған пікірімен сәйкестендіреді

Тақырып	«Алтын адам» археологиялық олжасы
Оқу мақсаты	5.2.3.1 Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпалық одақтарының археологиялық ескерткіштері анықтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Төменде берілген мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

Археолог - ғалым Кемел Ақышев Қазақстанды әйгілі етті. Ол 1969 жылы Жетісу аймағында сақ тайпаларынан қалған өте танымал ескерткішті ашты.



Бұл қай ескерткіш?

Ескерткіш неге Қазақстанды әлемге танытты?

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Кемел Ақышев ашқан археологиялық ескерткіштерін атайды; - археологиялық ескерткіштен табылған олжаларды атайды; - археологиялық ескерткіштің жанылығын атайды.
-------------------	---

Тақырып	«Алтын адам» археологиялық олжасы
Оқу мақсаты	5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» жәдігерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

«Алтын адам» жәдігерін берілген суретте арқылы 10 сөйлеммен сипаттаңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - жәдігердің неліктен «Алтын адам» деп аталғанын атайды; "Алтын адамның" қай әлеуметтік тап өкілі болғанын жазады; - Алтын адамның бас киімін сипаттайды; - Алтын адамның киімін сипаттайды; - Алтын адамның белбеуін сипаттайды.
-------------------	--

Тақырып	«Алтын адам» археологиялық олжасы
Оқу мақсаты	5.2.1.2 Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> Ежелгі сақ тайпаларының өнер туындылары арқылы олардың дүниетанымын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

"Алтын адамның" бас киіміндегі сақтардың әлемнің үш бөлігі мен төрт тарабы туралы дүниетанымды анықтап, сипаттап жазыңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - сақтардың әлемді үш бөлікке бөлгенін атайды (жер асты, ортаңғы әлем, жоғарғы әлем); - әлемнің 4 бұрышы бейнеленгенін сипаттайды.
-------------------	--

3-тоқсан

Бөлім: Сақтар

Тақырып	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары
Оқу мақсаты	5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштерін салыстырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Археологиялық ескерткіштерді салыстырыңыз.

 <i>Шілікті патша қорғандары</i>	 <i>Бесшатыр патша қорғандары</i>
---	---

Қорғандар	Шілікті патша қорғаны	Бесшатыр патша қорғаны
Археологиялық ескерткіш Қазақстанның қай аймағында орналасқан?		
Археологиялық ескерткіштер қай ғасырға жатады?		
Археологиялық ескерткіш неше обадан тұрады?		
Қорымдардан қандай заттар табылды?		

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - ескерткіштердің орналасқан аймақтарын атайды; - сақ ескерткіштерінің хронологиялық шеңберін анықтайды; - сақ ескерткіштерінің құрылымын атайды; - сақ ескерткіштерінен табылған жәдігерлерді атайды.
-------------------	--

Тақырып	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары
Оқу мақсаты	5.1.2.2 Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпаларындағы әлеуметтік топтардың қоғамдағы рөлін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Сақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың қызметін сипаттаңыз.

Әлеуметтік топтар			
Сипаттама			

Дескриптор: *Білім алушы*

- сақ қоғамындағы абыздардың рөлін түсіндіреді;
- сақ қоғамындағы жауынгерлердің рөлін сипаттайды;
- сақ қоғамындағы егіншілер мен малшылардың рөлін сипаттайды.

Тақырып	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары
Оқу мақсаты	5.2.1.2 Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпаларының археологиялық ескерткіштерінен табылған олжалар арқылы ежелгі тайпалардың дүниетанымын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Берел және Бесшатыр обаларынан табылған олжалардың негізінде ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттаңыз.

Бесшатыр	Шілікті
Бесшатыр сағанасы бірнеше бөліктен тұрады: дәліз (дромос), қабір алдына кірер ауыз және жерлеу бөлмесі. Бесшатыр обасындағы қабірден семсер – акинақтар, қола ұшты жебелер, темір пышақтар, паш түйрегіштер, ақық моншақтар табылған.	Шіліктідегі үлкен обада бір ғана ер адам жерленген. Оны сом алтыннан құйылған қаптырма, әшекей түймешіктермен безендірілген киімімен жерлеген. Аса бір қызықты олжа - алтын бесжұлдыздың табылуы. Оның тіні алтын, жұлдызшалары көк лазурит тасынан жасалған, айналасы сүйекпен көмкеріліп, ортасына томпақ мүйіз орнатқан.
Ойыңызды түйіндеңіз	Ойыңызды түйіндеңіз

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Бесшатыр қорымынан табылған олжалар негізінде ежелгі тайпалардың о дүние жайлы түсініктерін сипаттайды; - Шілікті обаларынан табылған олжалар негізінде ежелгі тайпалардың о дүние жайлы түсініктерін сипаттайды.
-------------------	--

Тақырып	Берел қорғандары
Оқу мақсаты	5.2.1.2 Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпаларының дүниетанымын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Суреттегі Берел обасындағы жерлеу дәстүріне назар аударып, ежелгі сақтардың дүниетанымын сипаттаңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Берел обасындағы жерлеу ерекшелігін дүниетанымымен байланыстырып сипаттайды; - Берел қорымынан табылған жәдігерлерді атайды; - Берел қорымының жерлеу ғұрпын анықтайды.
-------------------	--

Тақырып

Берел қорғандары

Оқу мақсаты

5.2.2.3 Ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сақ тайпаларының қолданбалы өнер ерекшеліктерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Сақ обаларынан табылған олжалардан қандай ерекшеліктер байқадыңыз? Сақтардың қолданбалы өнерінде қандай стиль кең тараған анықтаныз.



Дескриптор

Білім алушы

- сақ тайпаларының қолөнерде қолданған металлдарды атайды;
- сақтарда қолданбалы өнерінде кең таралған стилді атайды;
- сақтардың қолданбалы өнеріндегі аң стилінің мәнін ашады.

Тақырып

Тасмола археологиялық мәдениеті

Оқу мақсаты

5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау

Бағалау критерийі*Білім алушы*


- "Мұртты обалардың" ерекшеліктерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

«Мұртты обалардың» сызбасына назар аударып, олардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.



A	
Ә	
Б	
В	

Дескриптор*Білім алушы*

- «мұртты обалардың» ерекшеліктерін анықтайды;
- «мұртты обалардың» құрылымдық ерекшеліктерін атайды.

Тақырып

Сақ патшайымы Томирис

Оқу мақсаты

5.3.2.1 Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Сақ тайпаларының халықаралық аренадағы орнын көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Берілген дереккөздер негізінде сақ-парсы, сақ-грек қарым-қатынасын анықтаңыз.

Парсы патшасы Кирмен келіссөз жүргізуден бас тартқан Томирис (б.з.б. 570-520 ж.ж) парсылармен соғысады. «Әйел болса да, жаудың шапқыншылығынан қорыққан жоқ. Томирис көп әскермен Кирге қарсы аттанып, 200 мың парсыны жойып жібереді» - деп жазды Помпей Трог.


Б.з.б. IV ғасырдың 30-шы жылдары гректер сақ жеріне қауіп төндірді. Александр Македонский бастаған грек әскерлері Орта Азияға басып кіріп, Сырдария өңіріне қарай аттанады. «Жеңілмейтін әскер» атанып келген Александрдың қалың қолына сақ тайпалары қарсы тұрып, олардың алға жылжуына кедергі жасаған.

Дескриптор*Білім алушы*

- сақтардың парсы елдерімен қарым-қатынасын анықтайды;
- сақтардың грек елдерімен қарым-қатынасын анықтайды

Тақырып	Шырақтың ерлігі
Оқу мақсаты	5.3.2.1 Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақтардың тәуелсіздік үшін күресінде батырлардың ерлігінің маңызын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Суретті колданып, «Шырақтың ерлігі» тақырыбында 8-10 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырыңыз. Шырақтың мақсатын анықтаңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Шырақтың туған жері үшін жасаған ерлігін анықтайды; - Сақ тайпаларының тәуелсіздік үшін күрестегі мақсаттарын анықтайды; - Сақтардың парсы патшалығымен соғысқанын атайды; - Шырақ батырдың парсы патшасы Дарийдің әскерін қырғынға ұшыратқанын атайды.
-------------------	---

Тақырып	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі
Оқу мақсаты	5.3.2.1 Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сақ тайпаларының әскери өнерінің ерекшелігін анықтайды
Ойлау дағдыларының Деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Мәтінді оқып, сақ тайпаларының әскери өнерінің ерекшелігін анықтаныз.

Ежелгі грек тарихшысы Арриан қолбасшы Александр Македонскийдің Сырдариядан жүзіп өтіп, сақтарға қалай шабуыл жасағаны туралы жазады. Бұл шабуылдан грек әскеріне қауіп төніп, олар қырғынға ұшырай жаздады. Күннің ыстығы, сақтардың жиі қолайсыз шабуылдары мен соғысу тактикасы гректерді әбден әлсіретті.

Сақтар грек гарнизоны орналасқан Маракананы – қазіргі Самарқанды қоршауға алды. Македонский көмекке әскер жіберді. Спитамен шегінген сыңай танытты. Гректер «қорқып қашқан көшпелілердің» соңынан қуа жөнелгенде, Спитамен кері бұрылып шабуылға шықты. Гректер өзендегі кішкентай аралға қарай қашты.

Бұл жерде скифтер мен Спитаменнің атты әскері оларды қоршауға алды да, садақпен атып, түгел қырып салды», – деп жазады Арриан. Сақтар Александр Македонскийдің ірі әскери бөлімдерінің бірін осылай талқандады. Кейбір деректерге қарағанда, осы соғыста Александрға сақ сарбазының садағы тиіп, санынан жараланады.

Сөйтіп, Александр Македонскийдің Сырдарияның арғы жағын мекендейтін сақ тайпаларын бағындыру үшін жасаған жорығы сәтсіз аяқталды. Сақтар оның Шығысқа қарай жүретін жолын бөгеп тастады.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> сақ тайпаларының әскери соғыс тактикасының ерекшелігін анықтайды.
-------------------	--

Бөлім: Үйсіндер мен қаңлылар

Тақырып	Үйсіндер туралы жазба деректер
Оқу мақсаты	5.3.1.2 Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Үйсін мемлекеттік бірлестігінің құрылу алғышарттарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Мәтінді пайдаланып сұраққа жауап беріңіз.

Қытай деректерінде үйсін мемлекетінің құрылымы қалай сипатталған?

Үйсіндер туралы жазба деректі қытайлар қалдырды. Б.з.б.ІІ ғасырда Жетісуға Чжан Цянь бастаған елші келді. Ол көптеген мәліметтер әкелді. Үйсіндер туралы (усунь-го) «үйсін мемлекеті» деп айтты.

Мемлекетте 630 мың адам, 188 мың әскер барын да көрсеткен. Үйсін патшасы гуньмо деп аталды. Б.з.б. 73 жылға дейін үйсіндердің жері үш бөлікке: сол (шығыс) бөлікке, оң (батыс) бөлікке және гуньмоньның өзіне қарайтын орталыққа бөлінген.

Олар Қытайдың Орта Азия, Батыс Азия және Еуропамен сауда байланысында маңызды рөл атқарды. Б.з.б. ІІ ғасырда пайда болған Ұлы Жібек жолын ұстап тұрған осы үйсіндер болды. Үйсіндер туралы қытай деректерінде б.з. ІІІ ғасырына дейін айтылады.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Үйсін мемлекетінің саяси құрылымын атайды. - Үйсін мемлекетінің басқару жүйесін біледі; - Үйсін мемлекетінің әлеуметтік құрылымын атайды.
------------	--

Тақырып

Үйсіндер туралы жазба деректер

Оқу мақсаты

5.1.2.2 Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру

Бағалау критерийі*Білім алушы*

- Сақ, Үйсін тайпаларының қоғамдық құрылысын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Берілген әлеуметтік топтарды сәйкесінше кестеге орналастырыңыз (патша, абыз, гуньмо, бек, жауынгерлер, егіншілер, малшылар, уәзір, даруға).

Үйсіндердің қоғамдық құрылысы	Сақтардың қоғамдық құрылысы

Дескриптор*Білім алушы*

- үйсіндердің қоғамдық құрылыстарын атайды;
- сақтардың қоғамдық құрылыстарын анықтайды;
- үйсін тайпалық одақтарының қоғамындағы әлеуметтік топтарды атайды;
- сақ тайпалық одақтарының қоғамындағы әлеуметтік топтарды атайды.

Тақырып

Үйсіндер туралы жазба деректер

Оқу мақсаты

5.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы


- Үйсін тайпалық одақтарының көрші елдермен қарым-қатынасын сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Білу және түсіну

Тапсырма

Ұсынылған мемлекеттердің ішінен үйсіндердің қай көрші елдермен қарым-қатынас жасағанын көрсетіңіз: *Қытай, Ғұн, Сармат, Қаңлы, Согды, Дауания, Хорезм, Еуропа, Парсы мемлекеттері.*



Дескриптор

Білім алушы

- Үйсін тайпалық одақтарымен қарым-қатынас жасаған көрші мемлекеттерді (кемінде 5) атайды.

Тақырып	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы
Оқу мақсаты	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Ұлы Жібек жолының маңызын анықтайды • Кескін картаға Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясы арқылы өтетін бөлігін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану

Тапсырма

1. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

"Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығысты жалғастырған басты көпір болған" деген сөйлемді түсіндіріңіз.

Ұлы Жібек жолы б.з.б II ғасырда пайда болған. Ол Еуропа мен Азияның, яғни Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған басты көпір болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін екі бағыты Сырдария және Тянь-Шань арқылы өткен.

Ұлы Жібек жолының басты тармағы Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан, Қашғар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен.

2. Кескін картаға Ұлы Жібек жолы басып өткен Жетісу, Сырдария жағалауы, Арал теңізі маңын түсіріңіз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ұлы Жібек жолының пайда болу себептерін атайды; - Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батыс арасын байланыстыратын негізгі жол болғанын анықтайды; - Жетісу, Сырдария жағалауы, Арал теңізі маңы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының тармақтарын картаға түсіред
Тақырып	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы

Оқу мақсаты 5.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау


Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Қаңлы тайпалық бірлестіктерінің көрші елдермен қарым-қатынасын сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Тірек-сызбаны қолданып Қаңлылардың көрші елдермен қарым-қатынасын сипаттаңыз.



Дескриптор *Білім алушы*

- қаңлылардың үйсіндермен қарым-қатынасын сипаттайды;
- қаңлылардың ғұндармен қарым-қатынасын сипаттайды;
- қаңлылардың Қытаймен қарым-қатынасын сипаттайды;
- қаңлылардың Иранмен қарым-қатынасын сипаттайды.

Тақырып	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы
Оқу мақсаты	5.1.2.2 Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Қаңлы мемлекетінің қоғамындағы әлеуметтік топтардың міндеттерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма	

Кестені толтырыңыз.

Әлеуметтік топтар	Міндеттері
Хан	
Уәзір	
Көсем	
Егіншілер	
Құлдар	

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - қаңлы қоғамындағы ханның міндетін сипаттайды; - қаңлы қоғамындағы уәзірдің міндетін сипаттайды; - қаңлы қоғамындағы көсемдердің міндетін сипаттайды; - қаңлы қоғамындағы егіншілердің міндетін сипаттайды; - қаңлы қоғамындағы құлдардың міндетін сипаттайды.
-------------------	---

Тақырып	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті
Оқу мақсаты	5.2.2.3 Ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Үйсіндер мен Қаңлы тайпаларының қолөнерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Суреттердегі үйсіндер мен қаңлылардың қолданбалы өнер туындыларын сипаттаңыз.

<i>Өнер туындылары</i>	<i>Сипаттамасы</i>
Қарғалыдан табылған «Алтын тәті» 	
Қаңлылардың қыш ыдыстары 	

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - үйсіндердің зергерлік өнерін сипаттайды; - үйсіндердің зергерлік бұйымдарының қандай металдардан жасалғанын атайды; - қаңлылардың қолөнерін сипаттайды; - қаңлы қолөнер бұйымдарының жасалған материалдарын атайды.
-------------------	---

Тақырып	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті
Оқу мақсаты	5.2.2.6 Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Үйсіндердің мәдени туындыларын сипаттайды • Қаңлылардың мәдени туындыларын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Кестеге үйсіндердің және қаңлылардың мәдени туындылары жайлы 3-4 сөйлем жазыңыз.

<i>Үйсіндердің мәдени туындылары</i>	<i>Қаңлылардың мәдени туындылары</i>

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - үйсіндерден сақталған мәдени туындыларды сипаттайды; - қаңлылардан сақталған мәдени туындыларды сипаттайды.
-------------------	---

4-тоқсан

Бөлім: Ғұндар

Тақырып Ғұн тайпаларының бірігуі

Оқу мақсаты 5.1.1.3 Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Ғұн тайпалық бірлестігінің орналасқан аймағын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Тапсырма

Картаны қолданып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ғұндардың орналасқан аймағын сипаттаңыз.
2. Ғұндар қандай тайпалық одақтармен көрші орналасқан?



Дескриптор *Білім алушы*

- ғұн тайпалық бірлестігінің құрылуын айтады;
- ғұндар орналасқан аймақты сипаттайды;
- ғұндардың қаңлы тайпалық бірлестіктерімен көршілес орналасқанын анықтайды;
- ғұндардың үйсін тайпалық бірлестіктерімен көршілес орналасқанын анықтайды.

Тақырып	Ғұн тайпаларының бірігуі
Оқу мақсаты	5.3.1.2 Ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Ғұн тайпалық бірлестігінің құрылу алғышарттарын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Тапсырма

Төмендегі мәтінің бос орындарына қажетті сөздерді қойыңыз.

(солтүстік-батыстағы күшті бәсекелесі жауы, ғұндар, қытай жылнамаларында, Ұлы Қытай қорғаны, күшті әскери жүйесі)

Сақтардан соң Қазақстан аумағында және көрші аймақтарда үлкен мемлекет құрып, дәуірлеген халық- _____ еді. Б.з.д. IV ғасырда-ақ, Қытай мемлекеті ғұндарды өздерінің " _____ " деп есептеген.

Ғұндар басында тайпалық одақ болып, кейінірек күшті мемлекет құрды. Чжи-Чжи тәңірқұттың тұсында ғұн тайпаларының өз территориясы, астанасы мен салық жүйесі, _____ қалыптасты.

Ол Ферғана мен Парфия билеушілерінен алым-салық алып тұрды. Ғұндардың мемлекеттік тарихы жөнінде жазба деректер жеткілікті. Олардың саяси-қоғамдық құрылысы жөніндегі деректер негізінен _____ мол сақталған. Қытай империясы ғұндардың күшеюіне қатты алаңдайды. Ғұндардан қорғану үшін Хань империясы _____ салды.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ғұн мемлекетінің құрылу тарихын атайды; - Ғұндардың әскери жүйесі атайды; - Ғұндардың саяси құрлымын анықтайды; - Ғұндар туралы деректердің қайдан алынғанын анықтайды; - Ұлы Қытай қорғанының не себепті салынғанын анықтайды.
-------------------	--

Тақырып	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары
Оқу мақсаты	5.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ғұн мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Кестеде берілген мемлекеттермен ғұндардың қарым-қатынасы туралы мәліметтерді жазып, сипаттаңыз. Ғұндардың одақтасы және соғыс жүргізген елдері жайлы қорытынды жасаңыз.

№	Көрші елдер	Ғұндармен қарым-қатынасы
1	Қытай	
2	Үйсіндер	
3	Қаңлылар	
4	Парфия	
Қорытынды:		

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ғұндардың Қытаймен қарым-қатынасын сипаттайды; - Ғұндардың үйсіндермен қарым-қатынасын сипаттайды; - Ғұндардың қаңлылармен қарым-қатынасын анықтайды; - Ғұндардың Парфиямен қарым-қатынасын түсіндіре атайды; - Ғұндардың соғыс жүргізген елдеріне өз қортындысын жасайды.
-------------------	---

Тақырып

Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы

Оқу мақсаты

5.1.1.3 Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ғұндардың қоныс аударған аймақтарын картадан анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану


Тапсырма

Мәтінді және төмендегі картаны пайдаланып ғұндардың қоныстанған аймақтарын анықтаныз.

Б.з.б. 55 жылы Қазақстан жеріне бірінші қоныс аударуда ғұндарды Чжи-Чжи басқарды. Олардың бір бөлігі Тянь-Шаньнан өтіп, Қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші отырды. Қаңлылармен одақтаса отырып, ғұндарды біріктіру мақсатын көздеген Чжи-Чжи өз қарауындағы ғұн тайпаларымен бірге Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жеріне қоныс аударады.

Ғұндардың батысқа қарай қоныс аударуының екінші толқыны б.з. 93 жылы басталды. Қоныс аудару кезінде кейбір тайпалар ғұндармен одақтасты, кейбірі ығыстырыла бастады. Өз кезегінде ғұндардың қысымы Орталық Қазақстандағы, Сырдарияның солтүстігіндегі, сондай-ақ Арал теңізі мен Каспий аймағындағы тайпаларды қозғалысқа түсірді. Бұл үрдіс толқын секілді үздіксіз жүріп, б.з. II-V ғасыр аралығында 300 жылдан астам уақытқа созылды.

Ғұндар б.з.-дың IV ғасырында Еуропаға жетіп, Шығыс Рим империясына шабуыл жасайды.



Дескриптор

Білім алушы

- картадан және мәтіннен ғұндардың Қазақстан жеріне бірінші қоныстанған аймағын атайды;
- картадан және мәтіннен ғұндардың екінші қоныс аудару аймағын атайды.

Тақырып

Аттила және оның жаулаушылық жорықтары

Оқу мақсаты

5.1.1.3 Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Ғұндардың қоныс аударуын сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Картаны қолданып, Аттиланьң «Батысқа жорығы» туралы 8-10 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырыңыз



Аттила тұсындағы ғұн империясы

Аттила шаньюй


Дескриптор

Білім алушы

- Аттила шаньюйдің тұсындағы ғұндардың қоныс аударуы себептерін анықтайды;
- Аттила тұсындағы ғұн империясының территориясын сипаттайды.

Тақырып	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары
Оқу мақсаты	5.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Ғұн мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасын тірек-сызбада көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Тірек-сызбада берілген мемлекеттермен ғұндардың одақтасу немесе соғысу себептерін жазыңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ғұндардың Рим империясымен соғысу себептерін анықтайды; - Ғұндардың Қытай империясымен соғыс себептерін анықтайды; - Ғұндардың Қаңлы тайпалық бірестіктерімен одақтасу себептерін сипаттайды; - Ғұндардың Үйсін тайпалық бірестіктерімен одақтасу себептерін сипаттайды.
-------------------	---

Бөлім : Сарматтар

Тақырып	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі
Оқу мақсаты	5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сармат тайпалық бірлестіктерінің археологиялық ескерткіштерін салыстырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Археологиялық ескерткіштерді салыстырыңыз.

<i>Ескерткіштер</i>	<i>Орналасқан жері</i>	<i>Табылған заттар</i>	<i>Ерекшеліктері</i>
Сынтас қорымы			
Аралтөбе ескерткіші			
Бәйте, Терең обалары			

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің табылған жерін атайды; - Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінен табылған заттарды атайды; - Сарматтардың археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктерін сипаттайды.
------------	--

Тақырып	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі
Оқу мақсаты	5.2.2.3 Ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сарматтардың қолданбалы өнер туындыларын сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Төменде берілген Сарматтардың «Алтын тәтісі», «Сармат көсемі» суреттерін қолданып, олардың қолданбалы өнерлері туралы әңгіме құрастырыңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Сарматтардың қолөнер туындысы "Алтын тәтінің" жасалу ерекшелігін атайды; - Сармат "Алтын адамы" жәдігеріндегі бұйымдардың жасалу ерекшеліктерін сипаттайды; - Сарматтардың қолөнер туындыларын жасауда қолданған әдістерін сипаттайды; - Сарматтардың қолөнер туындыларын жасауда қолданған материалдарды түсіндіреді.
-------------------	---

Тақырып	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі
Оқу мақсаты	5.3.1.1 Картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сармат тайпаларының географиялық орналасқан аймақтарын анықтайды
Ойлау дағдыларының Деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Кескін картаға Сармат тайпалық бірлестігінің орналасқан географиялық аумағын көрсетініз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> Сарматтардың Арал мен Каспий теңіздерінің аралығын мекендегенін картаға түсіреді.
-------------------	---

Тақырып

Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі

Оқу мақсаты

5.1.2.2 Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Сармат тайпалық одақтарының әлеуметтік топтарының ерекшеліктерін сипаттайды

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Сөйлемдерге қажет сөздерді қойып, сармат тайпалық одағы әлеуметтік топтарының ерекшелігін сипаттаңыз.

Қажетті сөздер: Герадот, б.з.б VIII, әйелдер, әлеуметтік, әскербасшылар мен қолбасшылар, әйелдер, абыздар, қолөнершілері.

Тарихи деректерде алғаш рет сарматтарды ғасырда савроматтар деп атаған. Савромат жөнінде грек, рим тарихшылары Диадор, Үлкен Плиний, Полибий жазу бойынша савромат-сармат тайпалары Орталық Азия мен Қара теңізі өңірі мәдениеттерін байланыстырды.

Грек тарихшысы қалдырған мәлімет бойынша Савроматтар скиф тіліне өте жақын тілде сөйлеген. Қауымдағы ерлер мен тең саналған. Савроматтар дах, массагеттермен, исседондармен туыстас келген.

Сармат қоғамында теңсіздік болды. Қауымның барлық барлық мәселелерін ... мен ... шешкен. Сармат жасақтарына ерлер ғана емес, ... де кірген. Сармат қоғамында ... діни істерді басқарған. Сармат алтыннан керемет туындылар жасаған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттар алтыннан, ... жасалған.

Дескриптор

Білім алушы

- Сармат қоғамында әлеуметтік теңсіздік болғанын атайды;
- әскербасшылар мен қолбасшылардың рөлін атайды;
- қоғамдағы абыздардың қызметін атайды;
- қолөнершілердің негізгі қызметін атайды.

Тақырып	Сарматтардың саяси тарихы
Оқу мақсаты	5.3.2.1 Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Сармат тайпаларының басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Мәтінді оқып, мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырыңыз. Сұрақтарды жұптарыңызбен ауыстырып, жауап беріңіздер.

Савромат-сармат тайпалары Орталық Азия мен Қара теңіз өңірі мәдениеттерін байланыстырды. Көршілес Босфор мемлекетімен байланыс орнатып, Алдыңғы Азия, Солтүстік Кавказға, Парфияға жаулаушылық жорықтар жасады.

Батыс Қазақстанды мекендеген келесі жауынгер тайпалар-дайлар. Олар бірнеше ру тайпадан тұрған. Б.з.б. 248-247 жылдары дайлардың апарн тайпасынан шыққан Арсақ (Аршак) бастаған көшпелілер Парфияның үлкен бөлігін және Гирканияның онымен шектес аймақтарын басып алған. Сөйтіп, олар бұл елде Аршакидтер әулеті билігінің негізін салған.

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Сармат тайпалары қарым-қатынас орнатқан елдерді атайды; - Сарматтардың жаулап алу соғыстары жайлы мәліметті талдайды; - мәтінге қатысты 3 сұрақ құрастырады; - мәтінге құрастырған сұрақтарды өз жұптарымен талқылайды.
-------------------	---

Бөлім : Ежелгі Қазақстан тарихына шолу

Тақырып	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты
Оқу мақсаты	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі Қазақстан территориясын мекендеген тайпалық одақтардың нәсілдік ерекшеліктерін салыстырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Кестеде берілген тайпалық бірлестіктердің нәсілдік ерекшеліктерін сипаттаңыз. Ежелгі тайпалық одақтардың нәсілдік ерекшеліктеріне қатысты өз ойыңызды білдіріңіз.

№	Тайпалар	Нәсілдік ерекшеліктері
1	Сақтар	
2	Үйсіндер	
3	Қаңлылыр	
4	Ғұндар	
5	Сарматтар	
Қорытынды:		

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Сақтардың нәсілдік ерекшеліктерін сипаттайды; - Үйсіндердің нәсілдік ерекшеліктерін сипаттайды; - Қаңлылардың нәсілдік ерекшеліктерін сипаттайды; - Ғұндардың нәсілдік ерекшеліктерін сипаттайды; - Сарматтардың нәсілдік ерекшеліктерін сипаттайды.
-------------------	---

Тақырып	Ежелгі Қазақстанға саяхат
Оқу мақсаты	5.4.1.1 Ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі Қазақстан территориясын мекендеген тайпалық бірлестіктердің кәсіптерін анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Ежелгі тайпалардың кәсіптерін сәйкестендіріңіз.


1.Алғашқы адамдардың кәсіптері	<i>А.Көшпелі мал шаруашылығы, ішінара суармалы егіншілік, қолөнер, зергерлік бұйымдарды жасаумен айналысты.</i>
2.Андрондықтардың кәсіптері	<i>В. Аң аулау, балық аулау, терімшілікпен айналысты</i>
3.Ерте темір дәуіріндегі тайпалық бірлестіктердің кәсіптері	<i>С. Теселі егіншілік, бақташылық, көшпелі мал шаруашылығы, металлургия ісімен айналысты.</i>

Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - алғашқы адамдардың кәсіптерін сәйкестендіреді; - андрондықтардың шаруашылықтарын сәйкестендіреді; - ерте темір дәуіріндегі тайпалық бірлестіктердің шаруашылықтарын сәйкестендіреді.
-------------------	--

Тақырып	Ежелгі Қазақстанға саяхат
Оқу мақсаты	5.4.1.2 Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ежелгі Қазақстан территориясында қалыптасқан шаруашылық түрлеріне талдау жасайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырма

Көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасу себептерін анықтаңыз.



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - көшпелі мал шаруашылығы қалыптасуының себептерін анықтайды; - егіншіліктің шаруашылығының қалыптасу себептерін анықтайды.
-------------------	--

Тақырып

Ежелгі Қазақстанға саяхат

Оқу мақсаты

5.4.2.1 Еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерін сипаттау

Бағалау критерийі*Білім алушы*




- Тарихи дәуірлердегі еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерін сәйкестендіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Тапсырма

Суреттегі еңбек құралдар мен қару-жарақтарды жасалған тарихи дәуірмен сәйкестендіріңіз.

1. 	2. 	3. 	4. 	5. 	6. 
1. Ерте палеолит	2. Мезолит	3. Қола дәуірі	4. Темір дәуірі	5. Кейінгі палеолит	6. Неолит

1 -	2 -	3 -	4 -	5 -	6 -
-----	-----	-----	-----	-----	-----

Дескриптор*Білім алушы*

- ерте палеолитте пайдаланылған еңбек құралдарын сәйкестендіреді;
- мезолитте пайда болған еңбек құралдарын сәйкестендіреді;
- кейінгі палеолитте пайдаланылған еңбек құралдарды сәйкестендіреді;
- неолитте пайда болған еңбек құралдарды сәйкестендіреді;
- қола дәуірінде жасалған еңбек құралдарды сәйкестендіреді;
- темір дәуірінде пайда болған еңбек құралдарды сәйкестендіреді.

Тақырып	Ежелгі Қазақстанға саяхат
Оқу мақсаты	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Ұлы Жібек жолының пайда болуын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Тапсырма	

Ұлы Жібек жолының пайда болуы туралы сұрақтарға жауап беріңіз.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Ұлы Жібек жолы қай жерден басталды?	
2. Ұлы Жібек жолының бағыттарын сипаттаған тарихшы	
3. Б.з.б. VI-III ғасырларда сақтар сауда-саттық жүргізіп тұрған мемлекеттер;	
4. Ғалымдарның пікірінше, Ұлы Жібек жолы арқылы жүйелі қарым-қатынас басталған кезең;	
5. Ұлы Жібек жолымен тасмалданған негізгі тауар;	
6. Қазақ даласына Римнен әкелінген тауар ;	
7. Қазақ даласына Ираннан әкелінген тауар;	
8. Қартаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолы басып өтетін қазақ жеріндегі ежелгі қалаларды анықтаңыз.	



Дескриптор	<i>Білім алушы</i> - Ұлы Жібек жолының басталатын жерін атайды; - Ұлы Жібек жолының бағытын сипаттаған тарихшыны атайды; - Б.з.б. VI-III ғасырларда сақтар сауда-саттық жүргізіп тұрған мемлекеттерді анықтайды; - Ұлы Жібек жолы арқылы Римнен әкелінген тауарлардың түрлерін атайды - Ұлы Жібек жолы арқылы Ираннан әкелінген тауарлардың түрлерін атайды - Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі қалаларды атайды.
-------------------	--